№86 (10076)
29 қазан,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Кеңес

89 572 оқушы ыстық тамақпен қамтылған

Бүгінде елдегі мектеп қабырғасында 1,7 млн-нан астам оқушы тегін тамақпен қамтылған, оның 1,4 млн-нан астамы – бастауыш сынып оқушылары, қалған 340 мыңы – әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларда тәрбиеленетін 5-11 сынып шәкірттері. Биыл бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 164 млрд теңге бөлінді. Мектептер мен балабақшалардағы тамақ сапасын бракераж комиссиялары бақылайды.

Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов мектептердегі ыстық тамақты ұйымдастыратын кәсіпкерлермен және мектеп басшыларымен арнайы мәжіліс өткізді. Қазіргі таңда аймақтағы 297 мектептің 290-ында ыстық тамақ, 7-еуінде буфеттік құрғақ тамақ ұйымдастырылған. Облыс бойынша 1-4 сынып оқушылары мен әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 89 572 бала тамақтандырумен қамтылған.

Биыл облыс әкімінің бастамасымен аймақтағы мектептерде ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша конкурс облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасымен өткізілді. Мұндағы мақсат – білім беру ұйымдарының басшысы мен кәсіпкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

Күн тәртібінде тамақтанудың сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық тобымен жүргізілген зерделеу нәтижесін облыстық бала құқықтары жөніндегі уәкіл Жақсыгүл Тоғанова баяндады. Қыркүйек-қазан айларында ведомствоаралық сараптамалық топ 284 мектепке зерделеу жүргізген. Облыстық сараптамалық топ 15 мектеп, қалалық, аудандық сараптамалық топ 269 білім беру ұйымын зерделеген. Нәтижесімен мектептердегі бракераждық комиссиялардың жұмысын күшейтуге ұсыныс берілді.

Келесі күн тәртібі бойынша облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ерлан Ұзақбаев аймақ мектептерінде тамақтандыру қызметін көрсететін кәсіпкерлердің асханаларға рұқсат құжаттар алу барысы жағдайын баяндады. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыны мерзімінде алмаған өнім берушілерге қатаң ескертіліп, талапқа сәйкестендіру қажеттілігі айтылды.

Облыс әкімінің орынбасары мектеп асханаларында жүргізілген зерделеу жұмыстарында анықталған кемшіліктерге тоқталып, оқушыларды сапалы әрі құнарлы тамақтандырудың маңыздылығын, санитарлық талаптардың қатаң сақталуын ескертті.

Мәжіліс соңында қызмет көрсетуші кәсіпкерлерге кемшіліктерді қысқа мерзімде жою тапсырылып, заң бұзушылықтар қайталанған жағдайда қызмет көрсету шарттары біржақты бұзылатыны қаперге салынды. Қараша айында осы мәселе бойынша өтетін жиында ұсыныстардың орындалуы мен кемшіліктердің жойылуы талқыланады.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Аңдатпа

Тәрбие әлсіреп, қылмыс өршіді

4

Нәтиже

Арал теңізі Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің мәселесіне айналды. Себебі суы тартылған теңіздің түбінен желмен көтерілген тұз аралас ауа Тянь-Шань тауларын былай қойғанда, солтүстіктегі Ресейге, одан әрі Еуропаға дейін жетіп жатқаны жөнінде нақты дәлелдер бар. Сондай-ақ Арал мәселесін зерттеп жүрген ғалымдар теңіз табанынан көтерілген тұзды жел оның жолындағы таулардың басында ғасырлар бойы қатып тұрған мұздықтарды еріте бастағанын айтады. Егер осы экологиялық проблеманың алдын алмаса, бір Аралдың өзі үлкен табиғи апаттардың орын алуына себеп болуы әбден мүмкін.

Су үнемдеу – мезгіл талабы

Аралға 2 млрд текше метр су жіберілген

Алайда Арал суын қайта қалпына келтіру үшін бүгінде қыруар жұмыс атқарылуда. Теңізді тең бөлісіп отырған қос мемлекет Қазақстан мен Өзбекстан өкілдері және басқа да мүдделі халықаралық және отандық ұйымдар атсалысуда. Нәтиже де бар.

Мәселен, аймақ шаруалары су үнемдеу технологияларын енгізудің нәтижесінде 200 млн текше метр су үнемдеген. Бұл су Арал теңізіне жіберілді. Нақтырақ айтсақ, биыл облыс диқандары 55 мың гектар күріш алқабында су үнемдеу технологияларын қолданған. Аймақтағы күріш алқаптарының жалпы ауданы 84 мың гектарды құрайды. Осылайша биыл суару маусымында теңізге 1 млрд текше метр су жіберілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 есе көп.

Жыл басынан бері Солтүстік Аралға шамамен 2 млрд текше метр су жіберілген. Бүгінгі таңда теңіздегі судың жалпы көлемі 22 миллиард текше метрге жетті. Еске салайық, бұған дейін Аралда балық көбейе бастағанын жазған едік. Соңғы 5 жылда алғаш рет Аралға су жіберу жоспары 100 пайызға орындалған.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметінше, су дипломатиясы мен Орталық Азиядағы елдермен тығыз жұмыстан бөлек, Арал теңізіне су жіберуге үнемді технологияларды енгізу де маңызды рөл атқарады. Оларды қолдану жүздеген млн текше метр су үнемдеуге және оны теңізге бағыттауға мүмкіндік береді. Ол үшін Үкімет шаруалардың су үнемдеу технологияларын енгізуге жұмсаған шығындарын субсидиялау көлемін 50 пайыздан 80 пайызға дейін ұлғайтқан. Алдағы үш жылда су үнемдеу технологияларымен суармалы суды пайдаланатын шаруа қожалықтар үшін субсидия мөлшері 50 пайыздан 85 пайызға дейін ұлғаяды.

Жалпы биыл вегетация кезінде Арал теңізіне 977 млн текше метр су жіберілген. Бұл жоспарланған көлемнің 98 пайызын құрайды.

Айта кету керек, соңғы бірнеше жылда суару маусымында теңізге 350-400 млн текше метр көлемінде су жіберілген болатын. Министрлік жыл соңына дейін тағы 500 млн текше метр су жіберуді жоспарлап отыр. Аралдан бөлек биыл алғаш рет суару кезеңінде теңіз маңындағы Ақшатау-Сорғақ және Қамыстыбас көлдер жүйесіне 45 млн текше метрден астам су жіберілген. Бұл балық шаруашылығы мен туризмді дамытуда тиімді.

Жалағаштық диқан 19-20 мың текше метр су үнемдеген

Бүгінде жалағаштық диқандар да су үнемдеу технологиясын меңгеріп, егін егуде тиімді пайдалануда. Мәселен, Әліби Бекжанов басқаратын «Ер-Әлі» шаруа қожалығы бірнеше жылдан бері күріш алқабына суды үнемдеудің жаңа технологиясын қолдануда. Яғни алқап басына облыстағы бірінші автоматтандырылған тоспа қойылып, ысыраптан арылған. Жаңа құрылғы әр литр сайын өтетін судың мөлшерін есептеп, автономды түрде күн сәулесінен қуат алатын батареялармен жұмыс істейді. Сол арқылы шаруа қожалық алғашқы жылдары 19-20 мың текше метр су үнемдеген.

Айта кетейік, биыл егінді сумен қамтамасыз ету үшін ауданға қажетті су көлемі 820 млн текше метрді құраған. Оның ішінде егінге 664 млн текше метр, экологиялық қажеттілікке 156 млн текше метр қажет болды. Вегета-циялық кезеңде қажетті су көлемі ауыл шаруашылығы құрылымдарына уақытылы жеткізілген.

Жандос ЖАЗКЕН

Бағдарлама игілігі

Көлік жуып, табысқа кенелген

Аққырда «Бизнес бастау» бағдарламасы арқылы кәсібін ашқандар қатары күн сайын артып келеді. Соның бірі – Берікбол Сатыбалдиев. Ол ауылға кіреберістен көлік жуу орталығын ашқан. Жас кәсіпкердің айтуынша, тың жоба тұтынушының өз-өзіне қызмет көрсетуіне негізделген.

– Иә, бұл шағын ғимарат тәулік бойы жұмыс істейді. Әзірге 1 ғана көлік жуатын орын бар. Көптен бері «Қандай кәсіп түрін ашсам болады?» деп ойланып жүргенмін. Ауыл аудан орталығынан шалғай, десе де мұнда балыққа немесе фазендаға келушілер көп. Бірде сол көліктердің шаң-шаң болып келе жатқанын көріп, «Ауылдан неге көлік жуу орталығын ашпасқа?» деп ойландым, – дейді Б.Қорғанбекұлы.

Идеясын жүзеге асырмас бұрын, жан-жақты зерттеген кейіпкеріміз жыл басында «Бизнес бастау» бағдарламасы аясында 1 млн 400 мың теңге грант жеңіп алған. Қаражат қолына тиісімен көлік жууға қажетті құрал-жабдықтарды да сатып алған.

Бүгінде орталық арнайы электронды құрылғымен жабдықталған. Кәсіпкердің айтуынша, бұл құрылғы арқылы тұтынушылар өздерінің қалауы бойынша ақшаны 100 теңгеден бастап салып, кез келген уақытта көлігін жуа алады. Тұтынушы ақшаны салғаннан кейін ғана ақылды құрылғы су, көбік сынды қажетті қоспаларды шашу арқылы көлік жууға мүмкіндік береді. Ал тұтынушы салған ақшасынан қанша қалғанын құрылғыдан көру арқылы, арнайы тетіктерді басқара отырып, ақшасы таусылғанша көлігін жуа алады.

– Бірнеше жыл техника тізгіндеп, елге қызмет еттім. Кейін қолымнан келетін іспен айналысып, кәсіпке бетбұруға бел будым. Көліктің қыр-сырын жақсы түсінетіндіктен ең әуелі көлік жөндейтін орталық ашу ойда болды. Алайда көлік күнде бұзыла бермейтінін де ескердік. Жоғарыда айтып өткенімдей, бірде көліктердің балықтаң, шаң-шаң болып келе жатқанын аңғарып, ойыма бірден көлік жуу орталығын ашу келді, мемлекет қолдауының арқасында мақсатымды жүзеге асырып отырмын – дейді жас кәсіпкер.

Орталық күндіз-түні ашық тұрады. Үлкен кісілер келгенде көліктерді Берікболдың өзі немесе балалары жуып береді. Мұнда жеңіл көліктерден бөлек жүк көліктері де сияды. Ел игілігіне жұмыс істейтін орталықтың күн сайын тұтынушылары көбейіп жатқанын ескерсек, жас кәсіпкердің көлік жуатын орындар санын көбейту жоспары құбақұп. Күніне 10-нан аса көлік келетін орталық ауыл тұрғындарынан бөлек көршілес елді мекендердегі ағайындар үшін де тиімді. Әсіресе мұнда жаңбырлы, балшық күндері тұлпар басын тірейтіндер көп.

Айта кетейік, аядай ғана ауылда тың жобаны жүзеге асырып отырған кейіпкеріміз бір ғана кәсіппен шектелмеген. Ол көлік жуатын орталықта ауыл тұрғындарының сұранысына сәйкес кілем жуып та табыс тауып отыр.

– Берікболдың кәсібі бүтін бір ауылдың қажетіне жарап тұр. Қазір екінің бірінің үйінде жеңіл көлік бар. Одан бөлек арнайы құрылғысы болмаса да кілем жуып, көпшіліктің жұмысын жеңілдетіп жүр. Жақында ғана үйдегі бар кілемді осында жудырттым. Тез арада төсеніштерді тазалап берді. Шағын елді мекенде тұрсақ та кәсіпкерлік саласының артып, ауылымыздың өркендеп жатқанына қуаныштымыз, – дейді аққырлық Тұрсын Иісова.

Жақында қайтарымсыз грант алған Берікбол алдағы уақытта 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алып, орталықтың жұмысын кеңейткісі келетінін айтты.

– Иә, әзірге қолымда ешқандай құрылғы жоқ. Бірақ ауыл тұрғындарының сұранысына сәйкес күніне 3-4 кілемді қолмен жуамын. Арнайы құрылғымның жоқтығынан кейде көп тапсырыс ала алмаймын. Алдағы уақытта арнайы кілем жуып, сығып, кептіретін құрал-жабдықтарды алып, 1-2 адамды тұрақты жұмыспен қамту жоспарда бар, – дейді аққырлық кәсіпкер.

«Болар баланың бетін қақпай, белін буған» халықпыз ғой, ауылда халық сұранысына сай кәсіптің көзін тапқан Берікболға риза болдық. «Еңбек еткеннің еңсесі биік» екенін естен шығармаған кейіпкеріміз шалғайда орналасқан шағын ауылда кәсібін дөңгелентіп, кеңейтуді көздеп отыр. Ол екі қолға бір күрек таппай жүрген жалынды жастарға қашанда үлгі.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Ауыл тынысы

Таңсәріден тілшілік тіршілігімізбен әріптестеріммен бірге Қаракеткен ауылына атбасын бұрдық. Мұндағы мақсат – елді мекеннің бүгінгі тынысымен танысу. Сапар барысында қос елді мекенді қамтитын ауылдық округте біраз мәселенің шешімі бір жолға қойылғанын аңғардық. Мыңнан аса халқы бар елді мекенде Сыр салысын себетін егіс алқабы болмағанымен мұндағы халық кәсіп ашуға бейім екенін көрсетті.

Атакәсіпті қолға алған ауыл

Қаракеткен ауылдық округі бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 115. Барлығы ел игілігіне жарап тұр. Аулы әкімі Әділ Тоқтаровтың айтуынша, биыл «Ұлттық жоба» бағдарламасы аясында жалпы құны 11,8 млн теңгені құрайтын 8 жоба қолдауға ие болған. Оның ішінде 1-еуі құс шаруашылығы, 1-еуі наубайхана болса, қалған 6-ы ата кәсіпті қолға алып, мал шаруашылығымен айналысуда.

– Иә, ауыл тұрғындары мал шаруашылығын дамытуға ден қойған. Мәселен, бүгінде ауылда 3 225 бас мүйізді ірі қара, 3 012 қой, 997 ешкі, 2 974 жылқы және 14 түйе мен 403 құс бар. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 4 жоба қаржыландыруға жоспарланды. Алайда орындағаны 1-еу. Қаржысы 6 млн теңге. Қалған 3 жобаны іске асыру бойынша ауыл тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын жүргізудеміз, – дейді ауыл әкімі.

Бүгінде ауылда 2 білім беру ошағы бар. Оның бірі – Қаракеткен ауылындағы №114 орта мектеп. Мұнда 254 оқушыға 50 ұстаз білім беруде. Ал Далдабай елді мекеніндегі №115 орта мектепте 30 педагог 96 оқушыны білім нәрімен сусындатуда. Сондай-ақ 96 бүлдіршін «Қарақат» және «Бихат» балабақшасында тәрбиеленуде. Қазіргі таңда Қаракеткен ауылында 100 орындық 1 клуб болса, Далдабайда 50 орындық клуб жұмыс істейді. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып, оларды шығармашылық пен өнерге баулу мақсатында мұнда ән, би, көркем сөз, домбыра сынды бірқатар үйірмелер жұмыс жасайды.

Жарқын жобалар жүзеге асуда

Бірлікпен тірлігін түзеген ауылда ел игілігіне бағытталған бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, былтыр елді мекенде тұрғын үйлер секторының электр желілері бойынша «УниверсалСтройСервис» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізілген.

Ауыл әкімі Әділ Тоқтарұлының сөзінше, мұнда демеушілік есебінен ауыл жастары құны 3 млн теңге тұратын Далдабай ауылындағы кіре беріске арка орнатқан. Сондай-ақ жеке кәсіпкер Бердібек Қилановтың бастамасымен 10 млн теңгеге Қаракеткен ауылына балаларға арналған ойын алаңы салынуда.

– Өздеріңіз білетіндей, ауылда жаңа дәрігерлік амбулатория салуға республикалық бюджеттен 189,5 млн теңге, облыстық бюджеттен 59,3 млн теңге қаржы бөлінді. Мердігер мекеме – «Бақ-береке» ЖШС. Жоспар бойынша қазан айында ел игілігіне пайдалануға берілуге тиіс болған, алайд мердігер мекеменің құрылыс жұмыстарын баяу жүргізуіне байланысты қараша айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Құрылыс сапасы күнделікті өзімнің және ауыл тұрғындарының тікелей бақылауында, – дейді ауыл басшысы.

Айта кетейік қазіргі таңда Қаракеткен мен Далдабай елді мекенін қосқанда қос ауылда 16 көше бар. Оның 5-еуі асфальтталған, 2-еуіне тас төселген, ал 9-ы жөндеуді қажет етеді. Былтыр жөндеуді қажет ететін 9 көшеге аудандық бюджет есебінен 3,6 млн теңге қаржы бөлініп, жобалық-сметалық құжаттар дайындалған. Қаракеткен ауылындағы Қалмахан Кәрібаев көшесінің 300 метр бөлігіне жөндеу жұмыстарын жасауға аудандық бюджеттен 13,9 млн теңге қаржы бөлінген. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

12 жұмыс орны ашылған

10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын ашу бойынша берілген тапсырма аясында Қаракеткен ауылында 10 жұмыс көзін ашу жоспарланған. Алайда Қаракеткендіктер 12 жұмыс орнын ашып, жоспарды 120 пайызға орындап отыр. Айта кетейік, Қаракеткенде 1031, ал Далдабайда 369 халық болса, соның 503-і тұрақты жұмыспен қамтылған. Бүгінде Қаракеткен ауылындағы әлеуметтік нысандардың жылу маусымына қажетті қатты отын қоры 81 тоннаны құрап отыр. Алайда қазір 51 тонна көмір жеткізілген. Қалған көмір қоры келер жылдың қаңтар айында алуды көздеп отыр.

Ауылға сапарымызда қаракеткендіктердің бірлігі бекем, тірлігі мығым екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Семинар

Тәжірибе алмасу – сапалы білімге тура жол

Кеше Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінде аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Педагог кәсібилігі: ізденіс, тәжірибе, нәтиже» тақырыбында аудан мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасу алаңы басталды. Мұндағы мақсат – педагогтердің кәсіби деңгейін арттырып, әдістемелік қолдау көрсету.

– «Ұстаздың болар бойында әркез адалдық,
Сондықтан шығар тұрғаны бүгін ғаламдық,
Жалғасатұғын ғасырдан ширақ ғасырға,
Ұстаздық – мәңгі жойылмас ұлы мамандық» демекші, ұлы мамандық иелерін биылғы оқу жылының алғашқы тоқсанының сәтті аяқталуымен құттықтаймын! Мектептің жұмысын өрістетудегі негізі тұлға – мұғалім. Ал сол мұғалімдер білімін үнемі үздіксіз жетілдіріп, жан-жақты ізденуді тоқтатпау керек. Осы ретте біз демалысты тиімді пайдаланып, аудандық және ауылдық округтегі мұғалімдердің басын біріктіріп, тәжірибе алмасу алаңын өткізіп жатырмыз. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін, – деді әдістемелік кабинет меңгерушісі Салтанат Қосжанова.

«Басқаларды үйретіп жүріп, өзіміз үйренеміз» демекші, тәжірибе алмасу алаңына жас болса да білім бәйгелерінде жеткен жетістіктері мол мамандар келді. Тәжірибе алмасу алғашқы күні Сырдария ауданындағы №42 мектеп-лицейінің химия пәнінің мұғалімі Піржан Төлеген мен Қазалы ауданындағы Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі Аслан Сараманның қатысуымен өтті.

Мұнда химия пәнінің мұғалімдеріне «Жеңіс жолындағы жас ғалым» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, химиялық есептерді шешудің шексіз мүмкіндіктері туралы кеңінен тарқатылды.

– Қазақта «білетінім – бір тоғыз, білмейтінім – тоқсан тоғыз» деп текке айтылмаған. Бүгін Жалағаш ауданындағы білікті педагогтармен бас қосып, біраз тәжірибе алмастық. Тәжірибе алаңында әртүрлі логикалық сұрақтарға бірге жауап іздеп, қарапайым әдістер арқылы күрделі есептердің күрмеуін шешудің жолын іздедік. Әрине, бұл әдіс алдағы уақытта оқушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуде есепті дұрыс әрі тез шешуіне көмектеседі, – дейді Піржан Ержанұлы.

Ал жас тарихшы Аслан аудан тарихшыларымен бірге «Жасанды интеллект және оның мүмкіндіктері» тақырыбын талқылап, тарих сабағындағы тиімді технологиялар және оқушылардың білімін тереңдетудің әдістәсілін көрсетті.

Айта кетейік, тәжірибе алмасу алаңының екінші күні биология, физика пәнінің мұғалімдеріне арналады. Мұнда Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының биология пәнінің мұғалімі Жазира Смағұлова «Генетикалық есептердің шығару жолдарының ерекшелігі, нәтижеге бағытталған білім: қадам, ізденіс, табыс» тақырыбын талқылайды. Ал М.Дүйсенов атындағы №15 мектеп-лицейдің физика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Гүлназ Жанболатқызы «Механика» бөліміне күрделі есептер шығарудың шешімін бірге талдап көрсетпек.

Шараның келесі күні математика пәнінің мұғалімдеріне арналмақ. Мұнда Ж.Махамбетов ауылындағы №143 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі, педагог зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі Балдырған Балғабайұлы мен Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Бағдәулет Серік келеді. Олар ұстаздарға олимпиада есептері мен оқушыларды математикалық олимпиадаға дайындау әдістері бойынша дәріс беріп, олимпиада және ұлттық бірыңғай тестілеуде кездесетін күрделі есептерді шешу жолдарын көрсетеді.

Ұлағатты ұстаздардың басын қосқан тәжірибе алмасудың соңғы күні бастауыш сынып пәнінің мұғалімдеріне арналады. «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің директоры Оразхан Жолдасбай бастауыш сыныптарға арналған олимпиада есептерін талдап көрсетеді.

– Бүгін – тәжірибе алмасу алаңының алғашқы күні. Әр пәнді тереңінен талқылап, бір-бірімен еркін сұрақ-жауап арқылы тәжірибе алмасып жатыр. Аудан педагогтарынан бөлек ауылдағы ұстаздар да белсенділік танытуда. Әрине, бұл – ізденімпаз ұстаздар үшін игі бастама, – дейді Салтанат Қосжанова.

Айта кетейік, семинарға 103 мұғалім қатысты. Алда әлі 3 күн бар. Жалпы 4 күнде 400-ден аса аудан ұстазы білікті мамандармен тәжірибе алмасып, бірге жұмыс жасайды. Әрине, бұл ұстаздардың шыңдалуына мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Шара соңы тәжірибелерімен бөліскен қонақтарға аудандық білім бөлімінің сертификатын табыстаумен қорытындыланды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Заң

Сот жүйесіндегі жаңашылдықтар

Қазіргі уақытта сот жүйесіндегі жаңашылдықтар қоғам мен құқық қорғау саласында маңызды рөл атқарып келеді. Сот әділеттілігін қамтамасыз ету мен халықтың құқықтық сауатын арттыру үшін цифрлық технологиялар мен заманауи әдістер кеңінен енгізілуде. Енді сот саласындағы жаңашылдықтар мен олардың тиімділігін тарқатайық...

Цифрлық технологиялар дамуы сот саласын да айналып өткен жоқ. Соңғы жылдары көптеген елде сот ісін онлайн режимде жүргізу тәжірибесі енгізілді. Әсіресе пандемия кезеңінде бұл әдіс өте тиімді екенін дәлелдеді. Онлайн сот процестері азаматтарға сот залында болуды талап етпей-ақ, қашықтан қатысуға мүмкіндік берді. Қазақстанда «Цифрлық сот» жобасы аясында онлайн сот процестері іске қосылды. Бұл әдіс уақыт үнемдеу мен әділеттіліктің жылдам орындалуын қамтамасыз етеді.

Соңғы жылдары соттағы медиация және татуласу процедуралары дамып, жиі қолданылып келеді. Бұл тәсілдер азаматтық және қылмыстық істерде тараптардың өзара келісімге келуіне және сот процестерін қысқартуға мүмкіндік береді. Медиацияның басты артықшылығы – тараптардың уақыт пен қаражатты үнемдеуі. Медиация әдісі Қазақстанның сот жүйесінде де кеңінен таралған және оны дамыту бағытында бірқатар реформа жүзеге асырылып жатыр.

Сот жүйесінде электрондық құжат айналымының енгізілуі маңызды қадам болып саналады. Бұл жаңашылдық қағазбастылықты азайтып, құжаттарды сақтау мен басқаруды жеңілдетеді. Электрондық құжат айналымы сот процестерінің ашықтығын қамтамасыз етіп, азаматтар мен заңгерлерге қажетті ақпаратты жылдам әрі оңай алуға мүмкіндік береді. Сот процестерінің ашықтығы мен халыққа қолжетімділігі – сот жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Бүгінгі таңда сот отырыстарының тікелей эфирде көрсетілуі және сот шешімдерінің ашық түрде жариялануы – сот жүйесіндегі маңызды жаңашылдықтардың бірі. Бұл – қоғамның сенімін арттырып, әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған қадам.

Сот жүйесіне қатысты ақпарат пен қызметтерді халыққа жақындату үшін мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар әзірленуде. Мысалы, «Сот кабинеті» қосымшасы арқылы Қазақстан азаматтары сотқа арыз беріп, өз істерінің мәртебесін бақылай алады. Бұл азаматтарға сот қызметтерін қашықтан пайдалануға және ұзақ уақыт күтпей-ақ өз мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Сот жүйесінде жаңашылдықтарды енгізумен қатар сот қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру маңызды. Судьялар мен сот қызметкерлері заманауи технологияларды игеру, жаңа заңнамалық өзгерістер мен реформаларды меңгеру үшін тұрақты түрде оқытылып отырады. Бұл олардың кәсіби біліктілігін арттырып, сот қызметінің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Сот жүйесіндегі жаңашылдықтар қоғам мен құқық қорғау саласының дамуына үлкен үлес қосуда. Цифрландыру, жасанды интеллект, медиация сияқты жаңа әдістер сот әділеттілігінің тиімділігін арттырып, халықтың сенімін нығайтуда. Сот жүйесіндегі реформалар мен жаңашылдықтар қоғамның құқықтық мәдениетін жоғарылатып, әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдар болып табылады.

Р.АККАСИНОВ,
аудандық соттың
бас маманы

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік қаперде болсын

Балық аулау және аңшылық белсенді демалыстың бірі болып табылады. Алайда қауіпсіздік ережесін сақтамаса, ол қауіпті болуы мүмкін. Жыл сайын балық аулау кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу салдарынан адамдар суға батып кетеді.Түнгі мезгілде балық аулауға немесе аңшылыққа тыйым салынады. Аңшылыққа шыққан кезде және балық аулау кезінде сақтауға тиісті қарапайым ережелер қаперде болғаны абзал.

Мұндайда өзіңмен бірге дәрі-дәрмек қобдишасы, қолшам, жергілікті жердің картасы, өзінің тұрған жерін құлақтандыратын құралы болуы тиіс. Балық аулар алдында немесе аңшылықты бастамас бұрын таңдап алған жерді мұқият қарау керек. Спирттік ішімдік және есірткі заттарын пайдалануға тыйым салынады.

Мұздың үстімен жүрген кезде қауіпті және қалың қар жатқан жерлерді айналып өтіңіз. Қалыңдығы 7 см болатын және көгілдір немесе жасылдау түске ие мұз өту үшін қауіпсіз. Су айдындарындағы мұз тек толық қысқы мұз қату кезінде ғана берік болады.

Балық аулаушыларға жалғыз шығуға болмайды. Мұз үстінде жүргенде бір-бірінен қашықтық 6-8 метр болуы керек. Өзіңмен бірге көмек көрсетуге арналған шетінде 0,5 кг 10 метрден кем емес капронды жіп пен пенопласт алып жүріңіз. Төтенше жағдай туындаған жағдайда «112» нөміріне хабарласыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Әбдіжәміл Нұрпейісов – 100 жыл

Қазақ әдебиетінің қара нары

Әбең қаңқысымы көтеріліп. ауруханаға түсті. Барсам, төсекте жатыр екен. Қолында – газет.

– Түн ортасында жедел жәрдем шақырттым. Қысым 223-ке шығыпты. Қорқып кеттім. «Неден?» дейсің ғой. «Мына салып жатқан үйге балаларымды кіргізе алмай кетем-ау!» деп. Әй, құрсын! Осы «бала-бала» деп өлетін болдық… Мыныны оқыдың ба? – деді қолындағы газетін маған ұсынып.

– Бұл не?

– Сен алдымен оқы! Содан кейін түсінесің. Менің басыма бір ой келіп жатыр… Мына тәуелсіздікті айтам-ау… Өлгенде көрген… Содан айырылып қалмасақ жарар еді деген. Құрсын, соны ойлағанда, тіптен, не істерімді білмей кетемін…

– Мәссаған… қан қысымы көтерілген кісі оқитын мақала емес қой…мынау! Әбе, сізге тыныштық керек!

– Әй, қалай тыныш жатасың! Еліңе, жеріңе біреу ауыз салам деп тұрса! Сен болсаң жайбарақатсың! Баяғы екпінің қайда осы сенің?

Бұл тақырыпқа менің қосыла шаппай қалуым оған ұнамады. Өзі болса Қазақстанды қорғауға қазір аттанардай қопаңдап, төсектен бас көтеріп алды. Сәл ойланып барып сабасына түсті.

– Онда… мынаны оқы!

Қарасам 1990 жылы Қазақстанға тиіскен Солженицынге қарсы жазған өзінің «Чужая и своя боль» атты айтулы мақаласы екен. «Известияда» жарық көрген.

– Білем ғой! Оқығам ғой…

– Тағы оқы!

Мен жайғасып отырып мақаланы оқуға кірістім. Солженицыннің қазақ жеріне ауыз салып ұлыдержавалық рухта жазылған «Как нам обустроить Россию» мақаласынан жанымызға түскен ескі жара қайта қоздай бастады. Дер кезінде Ресейдің бас газеті арқылы астамшыл орыс авторына ойсырата соққы берген еді Әбе. Ойпырай, сол 90-шы жылы айдай әлем алдында азуы алты қарыс жазушы аюдай ақырып Қазақстанға ауыз салғанда, ізін суытпай оны ұрттан ұрар бір қазақ табылмағанда, қас масқара болады екенбіз-ау деген ой келді. Сол тұста үнсіз қалмай ұлт намысын қорғаған Әбе ұлыдержавашыл шовинизмге қарсы арыстандай атылыпты. «Уж кому-кому, а Вам, Александр Исаевич, наверняка достоверно известно, что мощь и слава Российского государства обретены им в союзе с другими народами, которым поистине несть числа. И тем не менее Вы вдруг печетесь тоже лишь об одном – как обустроить Россию, тем самым как бы отчуждая, отстраняя все остальные народы с их кровными интересами» деп аяқталыпты мақала. Сол шақта атағы жер жарып тұрған Солженицынге Ресейдің орталық газеті бетінде қарсы шығудың қаншалықты қиын екенін СССР-дың соңғы сыртқы істер министрі болған Борис Панкин де Әбе туралы пікірінде жақсы атап өтіпті: «К сказанному немаловажно добавить, что опубликованы эти слова не сегодня, когда многие почитатели Александра Исаевича превратились в его хулителей, а в начале 90-х, когда любое возражение Солженицыну звучало как богохульство». Солженицыннен бастап Жириновскийлерге дейін қазақ тарихына қатысты қиянатшыл мәлімдемелер тоқтамай тұрған шақта, тарихта Қазақ хандығының он бесінші ғасырдың ортасында дербес шаңырақ көтеруін, яғни сол тарихи оқиғаға 550 жыл толуын Астана халықаралық деңгейде дүрілдетіп атап өткені абзал дедік.

Бүгінде кейбір баспасөзде қазақ жазушылары олай-бұлай деп күстанаушылар байқалады. Сондайда «Оу, ағайын, әріге бармай-ақ қоялық, кешегі қазақ басына бұлт төнген 86-да бәйгеге бастарын тіккен кімдер еді?» дегің келеді. Ұлтқа төнген бұлтқа қарсы найзағайдай атылғандар кімдер еді? Жазушылар емес пе еді! Желтоқсан оқиғасы өте салысымен Мәскеуде КСРО Жазушылар Одағының пленумы өтті. Сол бүкілодақтық жиын мінберінен Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына байланысты Орталықтың саясатын сылқита соққан кім еді? Қазақтың халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов еді. Желтоқсанның ізін суытпай Алматыға Горбачев келді. Опера театрында салтанатты жиын өтті. Сол жиын мінберінен Горбачевтың көзін бақырайтып қойып Желтоқсанға байланысты Кремльдің саясатын сынға алған кім еді? Нұрпейісов еді. Төрде отырған Горбачев сонда кірерге тесік таппай қолындағы «Правда» газетінің тасасына тығылмап па еді?!

Әбекең жастығының жанында жатқан бір жапырақ қағазды алды қолына.

– Енді мынаны тыңда! – деді. «Қан мен тер» романының соңғы кітабына енгізген жаңа бір сөйлемдер екен. Мен қозғалақтай бастадым.

– Жо-жоқ… асықпа! Енді келдің екең, отыр! Немене… осы сендер… от ала келгендей… асығасыңдар да жүресіңдер! Қайран Зекем, Қалтай, Тахауилар-ай! Басымыз қосылса, 3-4 сағатсыз әңгімеміз бітпеуші еді… Өтті-кетті ғой… Өмір деген түк емес осы… ішінді…

Бұл бір ғана эпизод. Әдебиет абызымен кездесудің бір эпизоды ғана. Әйтпесе Әбе айтқан әңгімелерді түгендей берсең, жазуға қағаз жетпесі анық. Алайда кейбіреуін хатқа түсіріп көрелік.

Арал жағалауында балықшы ауылда өткен балалық шағын Әбе жиі еске алады. Еске алғанда да өзіндік мәнермен еске алады. Осыдан 80 жыл бұрынғы көргендерін тура фотографиялық дәлдікпен әңгімелейді. 1932-нің ашаршылығы басталғанда Әбе 7-8 жаста екен. «Бір күні әкем екі қаз атып әкелді» дейді. Дәу қоңыр қаздар. Шешеміз алдымен қаздың басын кесіп, ошақ маңына тастады да, бұрқыратып жүнін жұла бастады. Сол кезде ашық есіктен Қошала атамның ұсқынсыз сұлбасы көрінді. Жұпыны киімді тәлтиген маймақ шал. Жұрт сәлем берді. Бірақ атамыз сәлем алмады. Есіктен еңкейіп қарап тұр. Көзі – ошақ түбінде жатқан қаздың кесілген басында. Содан көз алмаған қалпы ішке аттады. Келінінен төменірек келіп, жүресінен отырды да дір-дір еткен қолын әлгі жерде жатқан қаздың басына созды. Тұмсық жағынан ұстады. Қан-қан кесілген бауыздау жағын ауызына басты. Көзін жұмып шайнай бастады. Бірақ тісі батпады. Сол көрініс, ашаршылық көрінісі әлі көз алдымда. Ұмыта алмаймын. Қазанға салынған қаз етінің пісуін күтіп үй толы жан үңірейіп отыр. Шешеміз бір кезде ағаш табақ толы шала піскен еттің буын бұрқыратып ортаға қойды. Сол-ақ екең, жұрт жапырылып табақты қоршады. Өңменде жатыр. Ес жоқ, түс жоқ. Ортадағы табаққа бастары түсіп кеткен, қаузап жатыр. Соның бәрі көз алдымда. Сонда жас жігіт Нәжім көкемнің табаққа үймелеген жұрттың желкесінен қарап тіп-тік отырысы көз алдымда. Нәжім көкем деп отырғаным әкем Кәрімнің өзіне тетелес інісі ғой. Өзі жас, көрікті, сері мінезді. Табаққа түсіп кетердей өңменде ген жұрттың үстінен жақтырмай қарап қаздиып отыр. Жас та болса паң. Қолын табаққа анда-санда созып бекзат қалпын бұзар емес. Нәжім көкем кедейлігіне қарамай киімді де талғаммен киетін. Бекзаттығы ерекше. Сол үшін жақсы көретінмін. «Қан мен тердегі» Тәңірбергеннің образын мен содан алдым ғой. Жоқшылық қуып, теңіз жағасын тастап Шалқарға көштік. Бұл – 1934 жыл. Жағдайымыздың қиын екенін көрген Шалқардағы ағайындарымыз Нәжім көкеме дүкенде нан сатушы бол деді. Сонда Нәжім көкемнің саңқ ете қалғаны есімде. «Енді менің… орыстың маржасы құсап беліме мата байлап, нан сатуым қалған екен ғой! Оданда аштан өлгенім артық!» дегені есімде. Содан кейін ол қайдағы бір қиырға тас шабушы болып кетті. Соғысқа бірге бардық. Сталинград түбінде көз жазып қалдым. Содан қайтпады ғой…

Соғыстан Әбенің әкесі Кәрім, көкелері Нәжім, Қали қайтпай қалады. Қабырғасы қатаймай жатып XX ғасырдың сұрапыл сойқанына түскен бозбала Әбдіжәміл Алланың әмірімен аман қалады. 1946 жылы әскер қатарынан босаған жас жігіт Саратовтан тура Алматыға тартады. Қолында соғыс туралы дәптердің 12 бетіне жазылған романы. Аты – «Курляндия». Енді осы шығармасын апарып, Алматыдағы аға жазушылардың пікірін тыңдап көрмек. Әрі ҚазГУ-ге оқуға түспек. Үстінде – әскери формасы. Алматыға келеді. Вокзалда түнеп шығып, таңертең Сәбит Мұқановты, Мұхтар Әуезовті іздеп көшеге шығады. Қазақ көрінсе тоқтатып: – Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезовтың үйін айтып жіберіңізші, – деп сұрайды. Ешкім білмейді. Сәйтіп жүргенде үш күн өтеді. Күндіз қала аралап Сәбит, Мұхтарды іздейді. Түнде вокзалда түнейді. Ақыры, бір қазақ: – Ол кісілерді Жазушылар одағынан табасың, – деп қазіргі Көкбазарға жақын жердегі Жазушылар үйін сілтеп жібереді. Сәбит Мұқанов Жазушылар одағының басшысы екен. Бұның қолжазбасын Ғабиден Мұстафинге оқуға тапсырып, майданнан арып-ашып келген жігітті аяп, үйіне апарып тамақтандырады. Ертесіне Ғабиден Мұстафин бұның қолжазбасын қарап шығып жылы пікір айтады. Сонда бұл 22 жастағы лейтенант: «Ағай, роман деген осылай жазыла ма?» деп сұрақ қояды. «Өмірімдегі ең бір глупый сұрақ қойғаныма әлі ұяламын» дейді Әбе. Ол сұрағына Ғабиден мырс күледі. «Иә, осылай жазылады!» дейді. «Менің тағдырымды шешкен сол Ғабиденнің жалғыз ауыз сөзі болды. Егер Ғабиден аға «Жоқ, бұлай жазуға болмайды!» деді бар ғой, құдай шыным, сол 12 беттік дәптерді бытшыт жыртып лақтырып, жазушылықпен біржола қош айтысар едім» дейді Әбе, сол оқиғаны еске алып. Ғабеңнің оң пікірінен кейін Жазушылар одағының төрағасы Сәбең жас қаламгерді тікелей өз қамқорлығына алады. Келесі жылы университетке құжатыңды тапсыр, көмектесем дейді. Аралда жатып жазуына керекті он бір кило қағазды қолына ұстатады. Жас жазушы ауылда азық-түліктен тарықпасын деп аудан басшысына хат жазып береді. Аудан басшысы Сәбеңнің айтқанын екі етпей орындап, жас жазушыға азық-түлік бөледі. Сәйтіп сол кезде даңқы жер жарып тұрған қазақ кеңес әдебиеті классиктерінің батасын алған әлі ешкімге белгісіз жас жазушы Аралдағы ауылында жатып өзінің тұңғыш туындысы – «Курляндия» романына кіріседі.

Роман жазу оңай ма! Оқиғалар тереңіне сүңгіп кеп берген жас жазушы, университетке құжат тапсыруды ұмытып кетеді. Сонда ауылда роман жазып жатқан баланы іздеп Аралға Сәбит Мұқанов телеграмма салады. «Қайран Сәбең!» деп Әбе ұстазын емірене еске алады. Сол кездегі адамдардың, әсіресе жазушылардың бір-біріне деген бауырмалдығы, қамқорлығы ерекше еді ғой!. Сәбиттей ұстаз-ағасының тамаша адами, жазушылық портретін соңғылықта ол «Сәбит Мұқанов туралы сөз» мақаласында сомдады. Ауылдан «Курляндия» атты романын қолтықтап келген жас жазушы Нұрпейісов ағалардың көмегімен университетке түседі. Онда бір жыл оқып, Мәскеудің Горький атындағы әдебиет институтына ауысады. «Курляндия» Жамбыл атындағы мемлекеттік сыйлыққа ие болады. 1956 жылы Әбе Мәскеудегі Әдебиет институтын бітіріп елге қайтады. Жәй қайтпайды, ғасыр басындағы қазақ тағдырын толғайтын «Қан мен тер» атты эпопея идеясын арқалап қайтады. Романды бастау үшін 1958 жылы атамекені Аралға келеді. «Балықшы» колхозының 19 үйден тұратын Шығанақ деген шалғай бөлімшесіндегі Шоқыман ағасының үйіне атбасын тірейді. Білте шамның сығырайған жарығымен жер бауырлап жатып алып, жас жазушы қалың дәптердің бірінші бетіне «Қан мен тер» деп жазады. Бұл 1958 жылдың желтоқсаны еді. Мінеки, осылайша әлемге әйгілі «Қан мен тер» эпопеясының алғашқы сөйлемдері тізіліп дәптер бетіне түсе бастайды.

«– Бетім-ай! Масқара-ай! Осы сөзбен тырыли арық Қара қатын жерқазбаға танаурап сөйлей кірді» деген сөйлемдер қағаз бетіне түсті. «Қан мен тердің» бірінші кітабы 1961 жылы жарық көрді. Жаңқалтаға сиып кетердей кіп-кішкентай қоңыр ала кітап еді. Мұқабасындағы жазу, әшекейлерге дейін әлі есімде. Баламыз, 7 сыныпта оқитын. Қолымыздағы кітап алғашқы сөйлемдерден бастап ағынды судай әй-шәйге қаратпай үйіре жөнеді. Басқаның бәрін ұмытып Арал маңындағы балықшы ауылдан бір-ақ шықтық. Түнерген теңіз. Биік қабақ. Қабақ басында шәукиген соқпа там. Ауыл шетіндегі Еламанның үйі. Кедей жігіт Еламан болса түнерген теңіз бетінде ау құрып жүр. Үйінде оны күтіп жас келіншегі Ақбала отыр. Бүгін жәй отырған жоқ. Қонақ күтіп отыр. Қонағы – бай баласы Тәңірберген. Қыз күнінде Ақбалаға арман болған әйгілі мырза. Ақбала шәй жасап ұшып-қонады.

Сол шәй үстінде Еламан келеді азынаулақ балығын көтеріп. Қараса, төрде Еламанның суқаны сүймейтін мырза Тәңірберген отыр. Ақбала болса жүзі балбұл жанып шәй құйып отыр. Еламанға бұл ұнамады. Бейне бір жылан көргендей жиырылды. Мінеки, қолға алған минуттен бастап кітап оқырманды өмірдің осындай арынды ағысына бір-ақ лақтырады. Сол ағыста сен де романның басты кейіпкерлерімен бірге аға жөнелесің. Бұ не сонда, сені толқынға түскен жаңқадай қанкөбелек ойнатып әкетіп бара жатқан не құдірет? Бұ құдіреттің не екенін біз соңынан пайымдадық. Талант қаламына тән көркемдік құдірет екен. Жазушы да бір, шахматшы да бір. «Қан мен терде» ойыншы алғашқы жүрісті әй-шәй жоқ негізгі фигуралардан бастайды. Шахмат тақтасына ә дегеннен фигураларды шығарады және сол фигуралар бір-біріне «ауызды салған» тартыстан бастайды. Ал енді оған қарсы ойыншы кім?! Ол – оқырман. Сенің қатеңді қалт жібермей қадағалап отыратын оқырман. Кітап тағдырын сол шешеді. Көп жағдайда оқырман бір-екі жүрістен, яғни бір-екі беттен кейін-ақ жазушыға мат қояды. Яғни кітапты жауып қоя салады. Мат деген осы. Оқырманның жазушыға мат қоюы.

Сондықтан бұл тақта, жазушы үшін шахмат тақтасы ғана емес, – тағдыр тақтасы. Бұл жекпе-жекте жазушы жалғыз, көп оқырманға қарсы ойнайды. Кітап таралымы көбейген сайын жазушыға қарсы ойыншылар саны да көбейе түседі. Сол көп оқырманның әрқайсысымен жекпе-жек партия өткізеді жазушы. Не ұтады, не ұтылады. Соның бәрінде жеңіске жету қиынның қиыны. Ол үшін сен халықаралық гроссмейстер болуың керек. Тағы да шахмат тілімен айтсақ, «Қан мен тер» партиясында Нұрпейісов сол халықаралық гроссмейстер деңгейіне көтерілген. Француз жазушысы Луи Арагонның «Қан мен тердің» французша «Ымырт» деп жарияланауына орай: «Бұндай терең де тартымды роман соңғы кезде аз болды. «Ымыртты» қазіргі заманның ең ірі шығармаларының қатарына қоюға болады, мейлі ол америка әдебиеті болсын, француз әдебиеті болсын, басқасы болсын…» дейтіні содан.

Ал испан сыншысы Аугуст Видал: «Трилогия классикалық орыс прозасының дәстүрінде жазылған. Эпикалық құлаш, терең суреткерлік, қилы кейіпкерлер галереясы, көркемдік шеберлік еріксіз «Тынық Донды» еске түсіреді. Осы ретте Нұрпейісовті қазақ әдебиетінің Шолоховы деуге болады» деп бағалайды. «Қан мен терді» француз тіліне аударған әдебиетші, аудармашы Лили Дени: «Белгілі бір дәрежеде мен Нұрпейісовті Лев Толстоймен салыстырар едім» деп мойындаған. КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған «Қан мен тер» әлемнің 35 тіліне аударылды. Және бұл роман туралы КСРО мен шетелде жарияланған пікірлер, жазылған монографиялар бүгінде кітаптың өз көлемінен артып кетеді. Бұның себебін әр сыншы әрқилы түсіндіреді. Бірақ бір ақиқатты мойындайды. Ол ақиқат жайлы отандасымыз Герольд Бельгер: «Қазақ даласындағы бір аяулы есім – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Франция, Германия, Бельгия, Испания, Болгария, Словакия, Қытай және Ресей жазушылары мен сыншыларының пікірі бір жерде тоғысады – «Қан мен тер» трилогиясы мен «Соңғы парыз» дилогиясының авторы: ірі суреткер, мәтр, әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс» деп қорытады Нұрпейісов феноменін. Ол әлем оқырмандарының пікірін бір жерде тоғыстырған Нұрпейісов романдарындағы көркемдік құдірет деп отыр. Ендеше сол көркемдік құдірет дегеніміз не? Ой жүгіртіп көрелік.

Көркем проза – ең алдымен адам туралы әңгіме. Жазушы адам туралы әңгіме бастамас бұрын ең алдымен оған, яғни кейіпкерлеріне ат береді. «Қан мен терде» олар – Ақбала, Еламан, Тәңірберген, Судыр Ахмет, Сүйеу қарт, Қарақатын, Қалеп, Құдайменде, т.т. Жазушы осыншама кейіпкерге ат берген. Өмірге әкелген. Жазушы жанталасы міне, осы жерден басталады. Адамды өмірге әкелуден басталады. Адамды жасауға әркеттенуден басталады. Ау, тоқтаңыз, не деп кеттік, «адамды жасау» дедік пе?! Оу, адамды жасау тек Алланың құзырындағы құдірет емес пе?! Әрине! Бірақ біз бұл жерде қағаз бетінде жасалатын адамды айтып отырмыз. Адамды сол қағаз бетінде тірілту үшін де жазушыға Алланың назары түсуі керек еді. Сонда ғана ол Тәңір берген талант арқасында жоқтан бар жасайды. Қиыннан қиыстырып кітабында түгел бір әлемді тірілтеді. Қиялдан адам жасап, оған ат береді, тұр береді, мінез береді, тағдыр береді. Кейіпкерлер өз тағдырына сай сөйтіп қағаз бетінде тіріліп, қым-қуыт қызықты тауқымет кешеді. Өмірде жоқ, бірақ қағаз бетінде бар сол адамдар жан бітіп көз алдында көлбеңдей бастайды. Жаныңды баурай бастайды. Көркемдік құдірет дегеніміз осы. Қағаз бетінде талантты қаламнан туған виртуалды өмір. Оқырманды сиқырлап алатын қиялдан туған өмір. Тәңірісі жазушыға талантты сол үшін берген. Ал Тәңірісі талантқа жарытпаса, жазушы қағазды қанша шимайлағанмен кейіпкерлер тірілмейді. Олар өмірге өлі келеді немесе шалажансар келеді. Ондай кітаптың өмір жасы да қысқа. Міне, осы әдебиеттің әдебиет еместен ажырайтын, бөлінетін тұсы. Біздің «Қан мен тердің» бетін алғаш ашқанымызға, мінеки, биыл табаны күректей жарты ғасыр болыпты. Алайда содан бері Судыр Ахмет, Ақбала, Еламан, Тәңірберген, Қарақатын, Сүйеу қарттар өшпей, өлмей біздің жан дүниемізде өріп жүр. Олардың бейне-болмысы, мінез-құлқы, тағдыр-талайы сайрап санамызда жүр. Шынға бақсақ, өмірден өткен талай тамыр-таныс, жақын-жуықтар бейнесі бүгінде жадымыздан өшкен, ескірген. Алайда өмірде жоқ, бірақ қағазда бар Ақбала, Еламан, Судыр Ахмет, Тәңірберген, Сүйеу қарт, Қарақатындар болса тайға таңба басқандай санамызда сайрап тұр. Бұл көркемдік құдіреттің арқасы. Осыдан бірнеше жыл бұрын Ақтөбеде ескерткіш қойылды «Қан мен тер» кейіпкерлеріне. Сол ескерткіштегі тасқа айналған Судыр Ахмет, Еламан, Ақбала, Тәңірберген, Сүйеу қарттар біздің қиялымыздағы бейнелерден аумайды. Ой жүгірткен жаңға бұл ескерткіш кітап кейіпкерлеріне емес, қазақ деген халыққа қойылған ескерткіш екен. Кезінде Қазақстан тараптан бораған арыздарға қарамастан Мәскеу «Қан мен тер» үшін Нұрпейісовке КСРО Мемлекеттік сыйлығын берді. Алмай қалуы әбден мүмкін еді. Өйткені Әбе орыс достарының: «комиссия мүшелерінің алдынан өтсеңші!» деген кеңесіне мойын бұрмай, Аралға барып жатып алған, кітап тағдырын бір Аллаға тапсырып. Сәйтіп сыйлық үшін додаға Әбе емес, кітаптың өзі барып түседі. Ендеше бұл күресте «Қан мен терді» кім қолдады дейсіз ғой! Жаратқан қолдапты. Себеп дінге тыйым салынған атеистік қоғамда Құдай атын ең көп атаған роман «Қан мен тер» екен. Қараңыз: Құдайменде, Тәңірберген, Аллаберген, Жасағанберген. Атын атасаң Алланы шақырғаның. Адам қоғамындағы қараулық, қараңғылықпен майдандасқан «Қан мен тердің» жолын, сәйтіп Раббыңыздың өзі ашады. Бәйгеден келген қазақ романы, сәйтіп Жер шарын шарлап кете барады. Миллиондаған жүрекке жетіп жарық құяды. Миллиондаған жүректерде қазақ кейіпкерліне, яғни қазақ атты халыққа деген жылы сезім оятады. Миллиондаған жүрекке ізгілік алауын жағады. Миллиондаған жүректен қараңғылықты серіпкен жарық нұры құйылады. Жаратушы көздеген мақсат та осы жазушыға талант сыйлағандағы. Жер бетіндегі жазушы миссиясы осы еді, Раббысы белгілеген. Бұл миссия бұрынғы өткен пайғамбарлар жаққан алауды сөндіріп алмаудың амалы еді, Жер бетін түн-түнек баспас үшін. Осылай жанжаққа от ала жүгірушілер кетуі керек еді. Қараңғылықпен күрес тоқтамауы керек еді. Сол ізгілік жарығын іліп әкетуді Алла тағала өз елшілерінен кейін әулие-әнбие, ғұлама, имам, жазушы, шайырларға жүктепті. Сәйтіп имансыздықпен күрес тоқтамапты, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасыпты. Қараңғылыққа қарсы ғаламдық майданға айналыпты.

Жазушының соңғы романы «Соңғы парыз» да – қараңғылыққа қарсы майдан. КПСС «тоқырау жылдарында» жарты жалғанда жәннат орнаттық деп жар салып жатты, ал Нұрпейісов болса Арал аймағына КПСС орнатқан «жәннаттың» бет-пердесін сыпырды. Шын дозақы келбетін көрсетті. Шығарманың шарықтау шегі – ақтық тарауда түн жамылып теңіз бетінде мұз үстінде ыққан Жәдігер, Пәкізаттың басына айнақатесіз қиямет-қайым орнайды. Ажалмен алысқан Аралдың өкірген үні де құлаққа келіп тұр. Ажалмен алысқан ұлы теңіз соңғы тұяқ серіпкендей, бір ақыреттік аласапыран орнаған. Адамдарға қарсы тұяқ серіпкен Арал. Мәңгі теңіздің түбіне жеткен осы екіаяқты мақұлықтар емес пе еді?! Құдайын ұмытқан екі аяқтылар! Бұлар XX ғасыр аяғында басқаны қойып, тіршіліктің тал бесігі – Жер-анаға ауыз салды емес пе?! Көлдер құрғап, теңіздер тартылды. Адамдардан адамдық тартылды. Ғасырдың апаты басталды. Соны сезген философ Эрих Фромм Еуропада: «Егер XIX ғасырда Құдай өлген болса, онда XX ғасырда адам өлді» деп дабыл қағып жатты. Құдайсыз қоғам сәйтіп ақыретті өз басына өзі орната бастады. Заманақыр елесі Жер бетін кезе бастады. Осыны жұрттан бұрын сезген суреткердің жанайқайы мезгіл мінберінен шырқырады. Сол жанайқай «Соңғы парыз» еді. Өз көрін өзі қазған адамзат туралы романтрагедия! Осынау жаһандық трагедияны оқырманның төбе шашын тік тұрғыза суреттеу қазақ жазушысы Ә.Нұрпейісовтің ғана пешенесіне жазылыпты, әлем қаламгерлері арасынан. Оның тарихи себебі бар еді. Қазақстан әлдеқашан полигонға айналған, Қызыл империяның ядролық, биологиялық қарулар сынайтын полигонына. Өз туған жері Арал аймағы, міне, су емес, у жұтып отыр. Бұны көрген қаламгер бұл қиянатқа төзбеді. Аттандап қарсы шықты. Майдан ашты. Халқы үшін сол күрес, жазушы күресі тоқтамады. Толастамады. Жазушы үні әлемдік үлкен мінберлерден саңқылдады. Халықаралық ПЕН-клуб өткізген жаһандық жазушылар жиынында саңқылдады, ана тіл, Арал, әдебиет мұңын айтып.

Жазушы Нұрпейісов әдебиетке келіп қалыптасқан XX ғасырдың екінші жартысы жоғарыдағыдай тағдырхал сұрақтарды адамзат алдына көлденең тартты. Енді осынау қитұрқы ғасыр сол тағдырхал сұрақтарды әдебиеттің де алдына тартқан ғасыр болыпты. Өйткені замана көшінің бұл тұсында қоғамдық санаға төңкеріс жасаған кино, телевидение, интернет дәуірі басталған еді. Соның әсерінен дүкен сөрелерінен классикалық әдебиет бір шетке ысырылды, оның орнын шағын да шапшаң оқылатын коммерциялық әдебиет иеленді. Қарасаң сол әдебиет жаппай жастардың қолында жүр. Бұндай заманда классикалық әдебиет қалай өмір сүрмек?! Классикалық әдебиет мезгіл тезіне қалай төтеп бермек?! Соңғы жылдары жазушы Нұрпейісовті қинаған сұрақтар осы. Әрбір жаңа басылым сайын «Қан мен терді» қолға алып отыруы содан. Әр басылым сайын қаламгер кітаптарын қайта қарайды. Ширатады. Қысқартады. Жұрт айтады. «Әлдеқашан өз бағасын алған «Қан мен терді» қайтеді екен, жұлмалай беріп» деп. Шынында солай ма?! Жазушы өз бағасын алған романын бекер «жұлмалап» жатыр ма? Ендеше жазушы Нұрпейісовке тән, өзге жұрт ұға бермейтін осы бір қаламгерлік қасиетке тоқталып көрелікші!

Жазушы неге өйтеді? Шығармаларын неге жөндей береді? Бұны қалай түсінуге болады?! Біз оны былай түсінеміз. Бәрі өткінші. Жазушы да өтеді бұ дүниеден. Бірақ артында кітабы қалады. Кітап сонда иесіз қалады. Иесіз қалған кітап үшін ең қиын кезең басталады. Өйткені иесіз қалған кітап та бір, жетім қалған бала да бір. Ата-ана баласының болашағын көзі тірісінде ойламай ма?! Ендеше неге жазушы да кітабының болашағын көзі тірісінде ойламауға тиіс?! Оны неге қатал мезгіл тезіне дайындамауға тиіс?! Жазушы осылай ойлайды. Өз кітабына өз баласындай қарайды. Алдағы аумалы-төкпелі мезгіл тезіне кітапты лайықтау, дайындау міндетін деп біледі. Өйткені мезгіл тезіне төтеп бере алмаған кітап өледі. Бұл – жазушының екінші рет өлгені. Шын өлгені. Сондықтан Әбе өсиет етеді. Бір жазып тастамаңдар дейді. «Толстойдың өзі бір мақаласын 20 рет көшірген ғой!» дейді. Әбеңе Жаратушы өмір жасын ұзақ етіп кітаптарын қайта-қайта қарауға мүмкіндік берді. Егер кезінде әлемді дүрілдеткен әдебиет алыптары бүгінде тірі болса, сөз жоқ, Әбе сияқты олар да өз романдарын қатты өзгерген қатыгез мезгіл тезіне лайықтап қайта қарап тұқшыңдап жатар еді. Осы ретте Әбе тұрысымен – мектеп. Әдебиет мектебі. Әбдіжәміл мектебі. Тәртіп-талабы тым қатал мектеп. Бұл мектепке бас сұққандардың талайы бұндағы темірдей тәртіптен тулай үркіп есікті тарс жауып тайып тұрады. Әсіресе сол мектептің аударма жөніндегі класына бас сұққандардың төбе шашы тік тұрған. Өйткені орыс тілін бір адамдай жетік білетін, өзі орысша да жазатын Әбе аудармашылардың адымын қия бастырмайды. Артық-кеміс қадамын аңдып ауыздықтайды да отырады. Әрбір сөз, әрбір сөйлем үшін аудармашы мен автор арасында қызыл кеңірдек айтыс, ақ тер, көк тер шайқас жүріп жатады. Соған шыдамай талай аудармашы тайып тұрды есікті тарс жауып. Олардың ішінде ішіп кеткендері де бар. Ат-тонын ала қашып кеткендері де бар. Әбенің аударма мектебінің темір тәртібіне төтеп берген аудармашы Анатолий Кимнен сұрадық. «Шалдың шабуылына қалай шыдадың?» деп. «Ауыз ашуға мүмкіндік бермедім – дейді. «Ол «ә» дегенде, мен «мә» деп тойтарып тастап отырдым. Сәйтіп аман қалдым» дейді Анатолий. Әбекеңнің аудармашылық мектебінің ұраны аудармашының «қаққанда қаның, соққанда сөлін алу». Қалайда жақсы аударма алу. Бұл оның қолынан келеді.

Әбе мектебін аз білетін кезім. 1984 жылдың аяғында жаңа біткен «Ақ боз үй» атты романымның қолжазбасын оқыттым. Жылы сөз, тіптен, мақтау естітініме сенімді болып келгем. Сәйтсем, Әбең салған жерден сын сойылын ала ұмтылды. «Әй, сен… кейіпкерлеріңді аяйды екенсің ғой! Неге аяйсың?! Әсіресе финалда. Аяма! Отқа сал, суға сал, аяма!» деді шын дауысы шығып. Сын есту оңай ма? Есікті тарс жауып мен де тайып тұрғым келді. Бірақ ойландым. Бірнеше күннен кейін «кейіпкерді аямайтын» жаңа финал ойға сап ете түсті. Жерден жеті қоян тапқандай қуандым. Бірден жазуға отырдым. Әбекең соңғылықта сол финалды оқыған сайын жылайтынын айтады. «Мені жылату деген оңай емес!» деп тағы да ескертіп қояды. Мен ақсақалға әлі күнге шейін: «Сізге, сол сыныңыз үшін рахмет!» дегенді айтпаппын. Іштей алғысым алабөтен болса да. Пендешілік пе? Білмеймін. Шамасы, ұстазымызға тартқан бір мінезіміз осы болар.

Ұстаз демекші, Әбекең Әуезов дегенде ішкен асын жерге қояды. Өкінішке қарай Мұқаңның көзі тірісінде жақын жүріп араласа алмапты. Өзі пір тұтқан ұлыға жақын жүруге үріккендей хал кешіпті. Мұқаң оны көргенде: «Әй, Әбижәми! Сен неге қашқақтап жүрсің?» деп ренжиді екен. «Менің қашқақтап жүрген себебімді білсе ғой, өзін ең жақсы көретін жанның кім екенін де білер еді» дейді Әбекең. Бірде Әуезовтің «Литературная газетада» Ресейдегі қазақ диаспорасының не орыс мәдениетінде жоқ, не қазақ мәдениетінде жоқ, оқшауланып қалған мүшкіл халі жайлы мақаласы жарық көреді. Әбе барса Мұқаң жер үйінің ауласында газет оқып отыр екен. «Мұқа, құттықтаймын! Ресейдегі қазақтар туралы бұл Ресейде жарияланған ең ащы мақала болды!» дейді Әбе. Сонда Мұқаң: «Пәлі! Менің жалғыз айтқан сөзім не болады?! Ол бір атылған оқ қой! «Зың» етті де кетті. Бұ жайлы көп айтылуы керек емес пе! Жастар, сендер айтуларыңыз керек!» дейді, содан кейін ойын одан әрмен жалғастырып: «Үй шатырынан тамған тамшыны қарашы! Бір нәзік су! Сол нәзік су бір нүктеге тама берсе, тама берсе тасты да теседі! Айтылған сөз де сол! Қайталана берсе, қайталана берсе түбінде ол да тас теседі!» дейді.

«Қайран Мұқаң!!!» деп Әбе бас шайқап біраз ойланып отырады. Содан кейін жүзі оқыс сәулеленіп Әуезов қаламынан туған мына төмендегідей бір сөйлем жолдарын қоңыр дауысымен жатқа оқи бастайды. «Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айырылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу бозғыл көде, жусан бәрі де жел лебімен қалтырайды. Бас шұлғып елбек қағады. Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлындап, тынымсыз кезіп, жосып, жосып өтеді…».

– Ал… қалай?! – дейді Әбе тамсана тебіреніп. Шынында ғажайып. Қазақтың қоңыр даласы көз алдында жан бітіп тіріліп сала бергендей.

– Сағыныш… туған жерге деген жүрек сорды… телегей теңіз сағыныш… телегей теңіз эпопеяға айналған… – деймін.

Әбең бұл уәжге келіскендей ойланып қалды. Біз де ойландық. Сәйтсек әр қаламгердің өз Меккесі болады екен. Ол – туған жері. Өмір бойы жырлап өтер, толғап өтер Меккесі. Мұқаң үшін Жидебай, Әбең үшін Беларан болыпты. Түнде түстен, күндіз естен кетпес кие. Әбе үшін дүниеде Белараннан биік, Белараннан қастерлі тау жоқ. Өмірге еңбектеп келгеннен бастап, көзін тырнап ашқаннан сол теңіз жағасында дүңкиген алып шоқы көз алдында тұрған. Беларанның баурайында Нұрпейіс жатыр. Туған жерден қанша алыс кетсе де, түбінде айналып Беларанға соғатын әдеті. Шетелден қонақ келсе де сонда апарады. Өзге көзбен қарағанда бұл – бір кәдімгі құлазыған елсіз жағалауда тартылған теңізге үңіліп тұрған бір жадау шоқы. Дүңкіс жалаңаш қыр. Бірақ Әбең үшін Беларан – тау. Жер кіндігі. Бейне дүние тарихы осы жерден басталатындай. Жас келгенде адам не ойламайды?! Жамбасы жерге тиіп мәңгілік жататын жерін де ойлайды. Сол ой, қайда жатам деген ой Әбеңді де мазалады. Ой көзі сонда айналып келіп Беларанға тіреле берді. Ендеше неге жатпасқа сол Беларанның басында?! Беларанның басында жатса, әнеки, түстік жағы – айдын шалқар Аралы. Теріскейі – толықсыған даласы. Бәрі алақанға салғандай көрініп тұр. Туған жердің тал бесігінде тербеліп жатады. Туған жер құшағында. Одан артық не керек?! Әбе, сәйтіп өз құлпытасын өзі таңдап Беларанның басына апарып өзі қойды. Оншақты жыл болды сол тас – қара тақтайтас қасқайып Беларанның басында әлі тұр. Ажалды қасқайып қ

Сараптама

Жасөспірімдер арасында қылмыс көбейді. Талғардағы 16 жастағы оқушының адам қолынан қаза болуы қоғамдағы бүгінгі жағдайдың күрделеніп кеткенін анық көрсеткендей. Әрине, мұндайда «Заң осал ма, әлде қоғам осындай деңгейге жетті ме?» деген заңды сұрақ туады. Бұған не себеп болуы мүмкін? Жасөспірімдердің теріс жолға түсуіне кім кінәлі, ата-ана ма, мұғалім бе, әл де өскен ортасы ма? Тарқатайық...

Тәрбие әлсіреп, қылмыс өршіді

4919 бала түрмеге тоғытылған

Соңғы үш жылда кәмелеттік жасқа толмаған 5 мыңға жуық бала ауыр қылмыстар жасаған. Жалпы балалар арасында күн сайын 5 қылмыс жасалады екен. Ал Бас прокуратураның мәліметінше, биыл 9 айдың көрсеткіші бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс 4,1 пайызға артқан. Соның ішінде Ұлытауда 77,8, Астанада 54,3, Павлодарда 50, Атырауда 38,9, Солтүстік Қазақстанда 16,7, Алматыда 14,6, Маңғыстауда 14,3, Шымкентте 13,6 пайызға артқан. Сорақысы, кәмелетке толмаған мектеп оқушылары арасында жасалған қылмыс саны 93,8 пайызға көбейген. Яғни жасөспірімдердің қатысуымен 512 ұрлық, 121 тонау, 94 бұзақылық, 66 алаяқтық қылмыс орын алып, 60 қылмыс бойынша денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірілген.

Соңғы 3 жылда қылмыстық жауапкершілікке 4919 кәмелетке толмаған жасөспірім тартылған. Жасөспірімдер жасаған қылмыстардың негізгі түрлері – ұрлық, тонау, бұзақылық, алаяқтық, есірткі және жыныстық қатынасқа қатысты. Алаяқтық пен есірткі қылмыстарын жасауда ұсталған жасөспірімдер саны да айтарлықтай өскен. Ел тұрғындарының үштен бірін жастар құрайтынын ескерсек, бұл – дабыл қағарлықтай көрсеткіш.

Балалар қылмысының былай өсу себептерінің бірі – «тәуекел тобындағы» кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуы және олардың сабақтан тыс бос уақытының көп болуы. Қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың жалпы санының 48 пайызы немесе жартысы оқымағандар мен жұмыссыздарға тиесілі. Яғни 9 сыныптан кейін оқуын жалғастырмаған балалар арасында қылмыс жиілеген.

345 азамат ата-ана құқығынан айырылған

Биыл бала тәрбиесі бойынша міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 84 мың заңды өкіл әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 345 адам ата-ана құқығынан айырылған. 125 кәмелетке толмаған жасөспірім девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы мектептерге жіберілген. Еліміздің Жамбыл, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы қаласында осындай 4 арнайы мектеп болса, оларда 161 бала бар. Ал Абай облысындағы ерекше режимдегі арнайы мектепте 13 бала білім алуда.

Отбасы – тәрбие институты. Бала балалық шағында отбасынан не алса, оны кейін өмір бойы есінде сақтайды. Өйткені үйде бала ең алдымен өзінің мінез-құлық нормаларын қалыптастырып, ортамен қарым-қатынасты игереді. Жасөспірімдер кезеңінде ата-аналар қандай қателіктер жібереді? Баланың психологиялық дамуына ата-ананың мінез-құлқы қаншалықты ықпал етеді? Жуырда осы және өзге де сұрақтардың «Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі» тақырыбында сала мамандарының қатысуымен өткен баспасөз алаңында түйіні тарқатылды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің жанынан құрылған сарапшылар тобының, психологтардың, мұғалімдердің пікірінше, бала тәрбиесіне отбасындағы жағдай ерекше әсер етеді екен.

– Әрбір ата-ана бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті естен шығармауы керек. Бала үшін алғашқы ұстаз – ата-ана, одан кейін білім беру ұйымдарындағы мұғалімдері. Кез келген бала жасаған тәртіпсіздігі мен басына түскен қиындығын ата-анасына қорықпай жеткізе білуі керек. Ата-анасы баланың мінсіз болғанын қалап, дауыс көтеріп ұрыса беретін болса, бала өшқашан ата-анаға ашылып әңгімесін айтпайды. Өйткені олар жазаланудан қорқады. Сондықтан жасөспірім кезінде баламен дұрыс қарым-қатынас орнату маңызды, – дейді облыстық «Орда» жоғары колледжінің әдіскері, сарапшы Айнұр Бекенова.

Билік бұған не дейді?

Түркістан облысы Келес ауданында жаппай төбелес салдарынан 9 сынып оқушысы қайтыс болды. Ақтөбеде топ бала 16 жастағы оқушыны тепкілеп өлтірді. Талғарда 1 құты сыра үшін ересек адамдар жасөспірімді қаза қылды. Зайсанда қыздар аяусыз төбелесіп жүрсе, Қызылордада 1000 адам оқушы қызды жылдар бойы зорлаған. Мұндайда жазаны бір адамның мойнына ілмей, оқиғаға қатысы бар қанипезердің бәрі жазалануы тиіс. Ол үшін әрине, заң да осал болмауы керек.

Осы орайда халық қалаулысы Магеррам Магеррамов кәмелет жасқа толмағандар арасында қылмысты азайту мақсатында кейбір істер бойынша қылмыстық жауапкершілік жасын төмендетуді ұсынған. Өйткені кей агрессор балалар жасына байланысты жасаған қылмысы үшін жазасыз қалып жатыр.

– Мектеп баланы қоғамға бейімдеудің алғашқы баспалдағы екенін ескерсек, өскелең ұрпақтың деструктивті мінез-құлқының алдын алып, оны уақытылы түзеу ұстаздар қауымының ғана қолынан келмек. Мектептегі зорлық-зомбылықты түп-тамырымен жою керек. Бірақ бүгінде кішкентай қылмыскерлер жасының жетпеуіне байланысты жазасыз қалып отыр. Бәлкім кейбір қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жастың шекті мәнін қайта қарап, жауапкершілікті 14 жастан емес, 12 жастан белгілегеніміз жөн болар, – дейді ол.

Алайда Үкімет басшысы Мәжіліс депутатының бұл ұсынысын қабылдамады. Олжас Бектеновтің пікірінше, бұл жаста балалар өз әрекетінің қоғамға қауіп төндіретінін толық түсінбейді. Яғни бұл балаларды қорғау мен тәрбиелеуге қатысты құқықтық және гуманистік көзқарастарға қайшы келеді. Сондай-ақ әлемдік тәжірибе бойынша Германия, Жапония, Ресей, Финляндия және Ұлыбританияда қылмыстық жауапкершілік 14-15 жастан басталады екен. Мысалы, Жапонияда Білім министрлігі балалар үшін қауіпсіз ортаны құру үшін ересектердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған арнайы «қорқытуға қарсы кеңес» құрған. Педагогтерден қорлаудың әрбір жағдайына барынша қатысу және мұқият қарау, психологтар балалардың психоэмоционалдық жағдайына кәсіби қолдау көрсету, ал ата-аналар мен қамқоршылар қорлаудың алдын алу үшін мемлекеттік жүйемен белсенді түрде әрекеттесу талап етіледі.

10 мектепке 1 инспектор

Жақында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі де Үкімет отырысында аталған мәселеге үн қатты. Оның айтуынша, оқушылардың теріс қылыққа жиі баруына әлеуметтік желі, фильмдер, телевизиялық контенттер, сондай-ақ мектептегі жағдай да әсер етеді. Яғни мектептегі тәлімгерлер айлығының төмендігінен жасөспірімнің тәрбие ісіне селқос қарайтындары жеткілікті екен.

Оның айтуынша, масс-медиадағы басым күш культі, танымал сериалдар мен басқа да формалар арқылы агрессияның насихатталуы қатыгездікті өршіте түсуде. Әлеуметтік желілер арқылы кең таралатын ойындар жастардың танымы мен талғамын ғана емес, таңдауы мен тағдырын да қалыптастырады. Сонымен қатар ата-ананың мейірін сезінбеу, отбасындағы түрлі кикілжің мен «травма», білім ошақтары мен тәрбие орындарында жастарға социализация моделін ұсына алмау сияқты себептерді де жоққа шығара алмаймыз. Тәлімгердің айлығы төмен, сынып жетекшілігіне төленетін ақы аз, сондықтан тәрбие ісіне жіті көңіл бөліне бермейді. Орташа 10 мектепке бір инспектордан келеді екен. Өз сауалында осыларды тілге тиек еткен сенатор ел болашағына алаңдаушылық білдіретінін айтып, Үкімет басшысына ұсыныс білдірді.

– Ойымызды сабақтай келе мынадай ұсыныстар береміз. Алдымен тәрбие жұмысын жандандыру, мектеп инспекторларын көбейту, «Жас ұлан» сияқты ұйымдардың жұмысын трансформациялау қажет. Одан соң балалар және жастар контентіне баса мән беру керек екені жіті айтылып келеді. Сонымен қатар Жастар ресурстық орталықтарының қаржылық жағдайын жақсарту, аймақтарда Комьюнити орталықтарын ашуымыз керек әрі жастар саясаты бойынша басқармаларды барлық өңірлерде қайта құруды ұсынамын. Мұнан өзге орталық және аймақтық атқарушы органдардың жұмысын жүйелеу үшін Жастар ісі жөніндегі комитеттің құзыретін күшейту керек. Отбасы, демография және жастар ісімен арнайы Агенттік айналысатын Германия, Финляндия, Малайзия сияқты көптеген озық елдердің тәжірибесін де ескеру қажет, – деді сенатор.

600 мың жасқа 3 қызметкер жауапты

Шыны керек, жастар мәселесі түрлі министрліктің құзыретіне бөлініп кеткен. Салаға жауапты Жастар комитетінің өңірлерде тікелей құрылымдары жоқ. Бес облыста ғана арнайы Жастар саясаты басқармасы бар, қалған облыстарда қысқарып кеткен. Мәселен, кей аймақтарда 600 мыңнан астам жаспен 3 қызметкер ғана айналысады. Жалақысы небәрі 70 мың теңге болғандықтан Жастар ресурстық орталықтарында білікті кадрлар ұзақ тұрақтамайтын көрінеді. Көптеген өңірде жеке ғимараты жоқ бұл орталықтарда 318 орын бос тұр. Жасыратыны жоқ, орталықтағы мамандар жастармен емес, әкімдіктегі лауазымды адамдардың құжатын тасып, жиналысқа масса болып, ересектердің көңілінен шығумен әлек. Оған қоса жастарды біріктіретін республикалық деңгейдегі ұйымдар да жоқтың қасы.

Иә, барлығын жоққа шығаруға да болмайды. Жақында аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық жастар ресурстық орталығы және «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ақтерек» сауықтыру лагерінде «Ауылға барамын» жобасы өткізілген. Жобаның мақсаты жастарға ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық ойындарымызды дәріптеу, аудан жастарының ауызбіршілігін нығайтып, жаңа орта қалыптастыру болып табылады. Шара барысында жастар шаруашылық жұмыстарымен, оның ішінде ер балалар қой сойып, жіліктесе, қыздар жағы табаға нан пісіріп, ошаққа ас әзірлеп, қамыр жайып, күбіге айран піскен. Мұнан кейін жастар гір тасын көтеру, арқан тарту сынды спорттық сайыстарға қатысып, өзара бақ сынасқан. Міне, осындай форматтағы шаралар тек жылына 1-2 рет емес, жиі ұйымдастырылып тұрса, жастардың ойы жақсы жаққа бет алатын еді.

Жалағаштық 4 жасөспірім бейімдеу орталығында

Қуантарлығы, аудандағы ахуал тұрақты. АПБ ЖПҚБ ЮПТ полиция қызметкерінің айтуынша, ауданда соңғы 9 айда жасөспірімдер арасында 222 тәртіп бұзушылық орын алған. Облыс орталығындағы бейімдеу орталығына 4 жасөспірім орналастырылған.

Жауапты мамандардың айтуынша, ауданда профилактикалық жұмыстар аясында аудан әкімдігі, аудандық прокуратура, аудандық қоғамдық даму бөлімі, жастар ресурстық орталығы, полиция бөлімі, аудандық білім бөлімі, ерікті жастардың қатысуымен түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылады. Кенттегі халық көп шоғырланатын орындар мен ойын-сауық орталықтарында нысан иесі мен тұрғындарға заң талаптарын түсіндіру және алдын алу шаралары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Өйткені жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар және жастар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында рейдтік жұмыстардың маңызы зор.

– Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өршуіне әлеуметтік те, психологиялық та факторлар әсер етеді. Бұл жерде ең бірінші отбасындағы тәрбиеден бастау керек. Ата-аналар қазір көбісі жұмысбасты, отбасының жағдайын, балаларының болашағын жасаймын деп, тіпті балаларымен дұрыс қарым-қатынас жасауға, оларды қадағалауға уақыты болмай жатады. Жалпы жаза қолданғаннан алдын алған абзалырақ. Осы орайда мектеп ұжымы оқушыларға түзу жолды көрсету мақсатында түрлі танымдық, рухани, тәрбиелік шараларды жиі ұйымдастырамыз. Мәселен, «Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев», «Бауыржан Момышұлының ерліктері» секілді тақырыптарда тәрбие сағатын өткіземіз. Мақсатымыз – ірі тұлғалардың өмір жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау, оқушыларды шығармашылыққа, баулу, елін, қорғауға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, – дейді аудандағы №31 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бахтияр Мұратбек.

Түйін: Білім алып, бәсекеге қабілетті болар шағында жауыздықпен жан бағып, болашағына балта шапқан жасөспірімнің көбейгені – әрине, қоғамның қасіреті. Бір-біріне қол жұмсамақ түгілі, қатты дауыс көтермеген қазақ елі бүгінде мұндай халге қалай душар болды? Әрине, «ештен кеш жақсы», жастардың тәрбиесін әуелі ата-ана, кейін құзырлы органдар дереу қолға алмаса, «қолымызды мезгілінен кеш сермейтініміз» анық.

Жандос ЖАЗКЕН

Құқық

Такси қызметі жүйеленеді

Соңғы уақытта қоғамда такси қызметіне байланысты жиі сын айтылып жүр. Билік, халық тарапынан да аталған қызмет түріне көңіл толмайтынын байқап жүрміз. Осы орайда такси қызметін жүйелеу мақсатында заң талаптары да өзгеріске ұшырады.

Еліміздегі такси нарығының тарифі жыл өткен сайын қымбаттап барады. Бұған себеп болатын басы ашық екі фактор болса, соның бірі де бірегейі – негізінен шетелдік ірі платформалардың қызмет көрсететіні. Қазір елде Yandex, InDrive, Максим, Aparu сияқты таксиге тапсырыс берудің мобильді қосымшалары бар. Олар өз қызметін тәуелсіз, бәсекелестік негізде жүзеге асырады.

«Energyprom.kz» мәліметінше, такси қызметін ұсынатын компаниялардың табысы бір жылда (2023 жылдың қаңтар-желтоқсанында) 17 пайызға өсіпті. Осы кезеңде такси қызметін пайдаланатын адам саны азайған. Былтыр қаңтар-қарашада такси секторындағы негізгі капиталға салынған инвестиция бір жыл бұрынғымен салыстырғанда өсіп, құндық мәндегі инвестицияның жылдық өсімі 51,8 пайыз болған. Инвестицияның ең көп көлемі Алматы қаласына түскен.

Халық қалаулыларының айтуынша, заң жобасына сәйкес бұл қызмет пен такси қосымшалары, такси агрегаторлары автотасымалдаушылар палатасының құрамында болуы тиіс. Осыған байланысты өз-өзін реттейтін ұйымдарда міндетті мүшелік туралы талап орындалуы қажет.

Көлік министрі Марат Қарабаев өз-өзін реттейтін ұйымдарда міндетті мүшелік туралы талапты түсіндірді. Айтуынша, заңда екі мәселе қарастырылған. Оның біріншісі – міндетті, екіншісі – еркін түрде. Интернет алпауыттарына міндетті түрде осындай өзін-өзі реттеу ұйымына мүше болу қарастырылған. Егер ол өзін-өзі реттеу ұйымына мүше болмаса, онда оның қызметі заңсыз деп танылады. Нәтижесінде заңсыз қызмет атқаруына басқа заңнамалық актілерде тыйым қарастырылған. Сондықтан осындай үлкен интернет платформалары өз қызметін сақтап қалуы үшін міндетті түрде алдағы уақытта өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болуы керек.

3 күнде 4 есірткі зертханасы жойылған

Есірткі – қоғамдағы қатерлі дерт. Сондықтан онымен күрес ешқашан тоқтаған емес. Бүгінде құзырлы органдар есірткі қылмысына қарсы күресті қарқынды жүргізіп келеді. Нақтырақ тоқталсақ, құқық қорғау органдары 3 күн ішінде төрт есірткі зертханасын анықтап, алты адамды ұстаған. Айта кетейік, олардың 2-еуі шетел азаматы болып шықты.

Сондай-ақ елде тағы 66 есірткі құқық бұзушылығы тіркелген, оның 13-і сату фактісі болса, 9-ы заңсыз сақтау әрекеті болған. Заңсыз айналымнан 35 келіден астам есірткі, оның ішінде 24 келі «синтетика» және 11 келі марихуана тәркіленген. Аталған қылмыстар бойынша 13 адам ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалған.

Ж.АРЫН

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1696

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН